

9-сынып

Қазақ тілі

Емтихандағы оқылым дағдысының құрылымы мен мазмұны

1-тапсырма

Төменде берілген мәтінді оқыңыз

Биотехнология жаңалықтары

Қазақ ғылымының жаңа жетістігі! Ғалымдар медицинада қолдануға болатын жасанды тері ойлап тапты. Бұл әзірге алғашқы сынақтардың нәтижесі ғана. Барлығы ойдағыдай іске асатын болса, денесі күйген немесе басқа да тері жарақаттарын алған науқастар үшін биотерінің көмегі көп болмақ. Жарақаттарды жасанды терімен емдеу әдісі негізінен әлемнің дамыған бірнеше елдерінде қолданыста бар. Еліміздің ғалымдары енді сол жетістіктерге өз күштерімен жетуге талпынып жатыр. Осыған байланысты қазір Ұлттық биотехнология орталығының жұмысы да қарқынды.

Әдетте денесі қатты күйгендердің терісін қалпына келтіру ұзақ уақытқа созылады. Оның үстіне жарақатты таңатын медициналық жабдықтарды жиі ауыстыру қажет. Емдеу процесінің ұзаққа созылатындығы да сондықтан. Ал жасанды тері арқылы осы қиындықтардан арылуға болады. Ғалымдар ең әуелі егеуқұйрықтарға тәжірибе жүргізген.

Алғашқы тәжірибені сәтті өткізген орталық мамандары енді клиникалық сынаққа дайындалып жатыр. Яғни бұл жолы сынақ адамның өзіне де жүргізілуі мүмкін. Ол үшін ерікті донордан немесе науқастың өзінен тері жасушалары алынады. Сосын оны арнайы зертханада қажетінше үлкейтіп, күйік шалған жерге немесе басқа да жарақаттың үстіне жабыстырады. Бұл ең әуелі зақымданған терінің қалпына келуіне жылдам көмектеседі және астыңғы жараның беті қайтқаннан кейін, он шақты күннің ішінде жасанды тері өздігінен түсіп қалады.

Жасанды теріні науқас адамдарға нақты қашан пайдалануға болады? Ол үшін ғалымдар «екі жылдай уақыт керек» деп отыр. Биоинженерия саласындағы бұл жаңалықты Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сәйкестендіру қыруар қаржыны талап еткенімен, ғылым саласындағы айтулы жетістігімізді медицинада қолдану арқылы болашақта кеткен қаржыны қайтаруымыз әбден мүмкін.

Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз

Табиғи емес-_____ [1]

Ақша- _____ [1]

Дүниежүзілік-_____ [1]

Тез- _____ [1]

Бүлінген-_____ [1]

2-тапсырма

Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

1.Ғалымдар медицинада қолдануға болатын жасанды тері ойлап тапты.

Жасанды теріні_____

_____ [1]

2.Алғашқы тәжірибені сәтті өткізген орталық мамандары енді клиникалық сынаққа дайындалып жатыр

Орталық мамандары_____

_____ [1]

3.Барлығы ойдағыдай іске асатын болса, денесі күйген немесе басқа да тері жарақаттарын алған науқастар үшін биотерінің көмегі көп болмақ.

Биотерінің көмегі _____

_____ [1]

4.Оның үстіне жарақатты таңатын медициналық жабдықтарды жиі ауыстыру қажет.

Медициналық жабдықтарды _____

_____ [1]

5.Еліміздің ғалымдары енді сол жетістіктерге өз күштерімен жетуге талпынып жатыр.

Сол жетістіктерге _____

_____ [1]

6.Бұл ең әуелі зақымданған терінің қалпына келуіне жылдам көмектеседі және астыңғы жараның беті қайтқаннан кейін, он шақты күннің ішінде жасанды тері өздігінен түсіп қалады.

Он күннің ішінде _____

_____ [1]

7.Жасанды теріні науқас адамдарға нақты қашан пайдалануға болады?

Науқас адамдарға _____

_____ [1]

8.Жарақаттарды жасанды терімен емдеу әдісі негізінен әлемнің дамыған бірнеше елдерінде қолданыста бар

Негізінен _____

_____ [1]

9. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сәйкестендіру қыруар қаржыны талап етеді

Қыруар қаржыны _____

_____ [1]

10. Ғылым саласындағы айтулы жетістігімізді медицинада қолдану арқылы болашақта кеткен қаржыны қайтаруымыз әбден мүмкін.

Медицинада _____

_____ [1]

Барлығы: [10+5=15]

3-тапсырма

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

1. Ғалымдар қандай жаңалық ашты?
2. Ұлттық биотехнология орталығының жұмысы қалай дамып жатыр?

Кем дегенде 2 жасалып жатқан негізгі жұмысын көрсетіңіз.

3. Жасанды теріні науқас адамдарға нақты қашан пайдалануға болады?

2 жауап жаз

Барлығы: [5+5=10балл]